

Бекітемін: *Асау*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

«Білім күні» (БІЛІМ КҮНІНЕ АҚПАРЛАМА)



Тәрбиешілер: Ходжа-Ахметова Г.
Сатыбалдиева Б

Таушық, 02.09.2025ж

Бүгін – Білім күні!

Бұл күн – өте ерекше, қуанышты мереке.

Мерекенің басты мақсаты – балаларды білімге, оқуға, еңбексүйгіштікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бұл күн — жас ұрпақтың білім мен ғылым жолындағы алғашқы қадамы.

1 қыркүйек күні балалар жаңа оқу жылын бастайды.

Мектепке баратын ағалар мен апайлар қолына гүл ұстап, ұстаздарын қарсы алады.

Ал біз, балабақша балалары, жаңа білімге, жаңа ойындарға, жаңа достарға дайын боламыз!

Білім күні – бәрімізге ақыл, білім, тәртіп үйрететін күн.

Біз бүгіннен бастап жақсы оқып, тыңдай білуді, әдепті болуды үйренеміз.

Білім – адамның жарығы,

Ол бізге көп нәрсені үйретеді.

Сондықтан бәріміз білімді, ақылды бала болайық!

Білім күні – балалардың оқуға, үйренуге, ақылды болуға алғашқы қадамы.

Бұл күні бәріміз көңілді, қуанышты боламыз.

Білім — адамға жарық жол,

Біліммен өмір әрқашан оң!

Білімді бала – болашақтың нұры!-«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы 1 Қыркүйек білім күнін тойлады. Балаларға қуаныш сыйлау мақсатында тәттілер таратылды. Білім күніне байланысты арнайы АОҚ өткізді.

Ересек, «Ер Төстік» тобыда балаларға Білім күні туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Балалар дидактикалық ойын ойнап, білім күнін тойлады.

